

М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
медицина университеті

СӨЖ

Тақырыбы: Тұрғын үй құрылысы саласындағы қазіргі заманғы үрдістер.

Дайындаған: Амандосова Г 501 мед.проф
Тексерген : Сакебаева Л

Ақтөбе 2016ж

Жоспар


I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасы.

2. Тұрғын үй құрылысы саласындағы қазіргі заманғы үрдістер.

III. Қорытынды



Қазіргі таңда елімізде құрылыс объектілерін жоспарлау және оны сапалы түрде орындау қарқынды түрде дамып келеді. Әр бір өндіріс, кәсіпорын түрінің жұмысшыға деген өзіндік ауырлығы бар. Бірақ та, Қазақстан Республикасында тау-кен, металлургия, мұнай-газ салаларымен қатар құрылыс саласы да еңбек қорғау, еңбек шартын жақсарту бойынша негізгі сұрақтардың өзекті мәселесіне айналып отыр.

Еліміздің еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің негізгі статистикалық мәліметтеріне сүйенсек жылына пайда болатын негізгі өндірістік жарақат және кәсіби аурулар санының басым бөлігі құрылыс саласында көп кездеседі.

Құрылыс саласында өнімділік пен жұмыс деңгейін жақсарту үшін ең басты шаралар ол еңбек қорғау және еңбек шарттарын жақсарту болып табылады. Себебі өндірістік жарақат пен кәсіби аурулар санын азайту үшін жұмысшыларға ең алдымен еңбек жағдайын жақсарту керек, сонымен қатар сәйкес еңбек жалақысымен бірге, жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету керек.



Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2005-2006 жылдары қаржыландырудың барлық кездері бойынша тұрғын үй құрылысына 565,8 млрд. теңге инвестиция жұмсалды. Жалпы алаңы 11,23 млн. шаршы метр тұрғын үй, оның ішінде: 2005 жылы - 5,04 млн. шаршы метр (2004 жылмен салыстырғанда 184,2%); 2006 жылы - 6,19 млн. шаршы метр (2005 жылмен салыстырғанда 124%) пайдалануға берілді. Тұрғын үй құрылысы - жалпыұлттық сипаттағы барынша маңызды міндеттердің бірі болып табылатын Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының басым бағыттарының бірі. Тұрғын үй саясатын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 1388 Жарлығымен Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Мемлекеттік бағдарлама) бекітілді, оған сәйкес үш жыл ішінде жалпы алаңы 12 млн. шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру көзделді. 2005-2006 жылдардың нақты нәтижелері 11,2 млн. шаршы метрді құрады, яғни үш жылдың тапсырмасы іс жүзінде екі жылдың ішінде орындалды.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның негізгі мақсаты халықтың қалың жігіне тұрғын үйдің қолжетімділігін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылысын дамыту проблемаларын кешенді шешу болып табылады.

Мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді: ұсыныс тарапынан да, сұраныс тарапынан да толыққанды теңдестірілген тұрғын үй нарығын жасау;

- тұрғын үй құрылысына жеке инвестицияларды тарту және мемлекеттік-

- жекеменшік серіктестікті ынталандыру;

- жеке тұрғын үй құрылысын дамытуды ынталандыру;

- тұрғын үй құрылысы салынатын аудандардың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарын дамыту;

- тұрғын үйді сатып алу үшін халыққа кредит беру жүйелерін дамыту;

- елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу және түзету;

- тұрғын үй құрылысының сапасын бақылау жүйесін жетілдіру;

- отандық құрылыс материалдарының өндірісін арттыру және жеке тұрғын үй құрылысының индустриялық, қымбат емес және экологиялық технологияларын игеру;

Бағдарламаны іске асыру тетігі.

Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005 – 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі – 2005 – 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама) іске асыру қорытындылары бойынша 15,8 млн. шаршы метр тапсырылған болса, нақты 17,9 миллион шаршы (бұдан әрі – млн. шаршы) метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 2005 – 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама тұрғын үй құрылысын дамытуға қосымша серпін бергенін ескеріп, Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 20 тамыздағы № 383 Жарлығымен жаңа Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі -2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама) бекітілген, ол табыс деңгейі әртүрлі азаматтар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға бағытталған. 2008-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру қорытындылары бойынша тұрғын үйдің жалпы алаңы 19,3 млн. шаршы метр көлемінде іске қосу көзделген, нақты 19,7 млн. шаршы метр пайдалануға берілді.



Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шабдарбаева М.С., Омаров С.К.,
Коммуналды гигиенасы пәні бойынша
жағдайлық есептер жинағы, - Қарағанды,
2005.
2. Неменко Б.А. Коммуналдық гигиена, -
Алматы, 2004